

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік почтасын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Почта байланысының республикалық мемлекеттік кәсіпорнына айналдыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1521

Мемлекеттік және шаруашылық басқару функцияларын ажырату, мемлекеттік почта жүйесін одан әрі жетілдіру, меншікті қаржы ресурстарын шоғырландыру, Қазақстан Республикасының почталық байланыс кәсіпорындарының қызметін үйлестіру мақсатында және "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік почтасы, шаруашылық жүргізу құқығымен Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Почта байланысының республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - Кәсіпорын) айналдырылсын.

2. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік почтасының құқықтық мұрагері болып табылады.

3. Кәсіпорынды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі тағайындайтын бас директор басқарады. Бас директорға Кәсіпорынның құрылымын және оның штаттық кестесін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес дербес белгілеу құқығы берілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджетке тиісінше өзгертулер енгізсін. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың 1-абзацы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.06.17. N 794 қаулысымен .*

4. Почта байланысының аумақтық және басқа мемлекеттік кәсіпорындары қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес, еншілес кәсіпорынның құқығымен Кәсіпорынға тікелей бағынады деп белгіленсін.

5. Почта жіберілімдерінің өңдеу, тасымалдау және жеткізу технологиялық процесін ажыратуға болмайтынын ескеріп, олардың өндірістік процеске қатысу үлесіне қарай ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік еншілес кәсіпорындардың табыстарын қайта бөлу және табыс салығы жөнінде Кәсіпорынға республикалық бюджетпен есеп айырысуларды орталықтандырылған тәртіппен жүргізуді жүзеге асыруға рұқсат берілсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Почта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Жарғысын бекітіп, Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік почтасын қайта құруға байланысты ұйымдастыру және басқа да шараларды жүргізсін.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-министрі*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 5            ж ы л ғ ы            1 3            қ а р а ш а д а ғ ы

№    1 5 2 1            қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Почта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның құрамына еншілес кәсіпорын құқымен енген кәсіпорындардың Тізбесі**

1 - 2 5 .            < \* >

2 6 .            < \* >

2 7 .            < \* >

28. "Поштажабдықтау" мемлекеттік почта кәсіпорындарын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етудің

Алматы базасы

2 9 .            < \* >

*ЕСКЕРТУ. 29-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1997.06.11. N 950*

қ а у л ы с ы м е н

*ЕСКЕРТУ. 26-жол алып тасталды - ҚР Үкіметінің 1998.10.16. N 1049 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 1-25,27,29-жолдар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.05.27. N 661 қаулысымен .*